**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Қараша 2024 жыл 4 апта**
**I-IV топ**

**Сабақтың мақсаты:**

- Әр түрлі іс-әрекеттердің мағынасын түсінуді дамыту;
- Қарапайым себеп салды байланыстарды белгілеу (жаңбыр – қолшатыр);
- «Азық-түлік» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;
- Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту;
- Есту және көру зейінін дамыту;

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі<br>25.11.2024 | Сейсенбі<br>26.11.2024 | Сәрсенбі<br>27.11.2024 | Бейсенбі<br>28.11.2024 | Жұма<br>29.11.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет.<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау. | | | | |
| **Ата-ана мен логопедмен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-ана мен логопедге кеңес беру. Баладағы өзгерістер мен үй жағдайында баланы дамыту жұмыстары туралы сұрап отыру. | | | | |
| **Қызығушылығын ояту** | Логопед пен балалар шаттық шеңберіне тұрып өлең жолдарын айтады:<br>- Шаттық шеңбер<br>Біз айнала тұрамыз<br>Үлкен шеңбер құрамыз.<br>Жәй жүреміз алдымен<br>Бірте - бірте тездетіп.<br>Жүгіреміз желдетіп<br>Тағы жаймен жүреміз<br>Тыныш - тыныш дейміз де<br>Орнымызға келеміз | | | | |
| **Негізгі кезең** | Мақсаты: Балалардың назарын сабаққа аудару, эмоционалдық байланыс орнату.<br>Мұғалімнің әрекеті:<br>• Балалармен амандасу:<br>«Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін біз азық-түлікпен | | «Сәлеметсіңдер ме, балалар! Қалайсыңдар?»<br>• Сабақтың тақырыбын хабарлау:<br>«Бүгін біз азық-түлік туралы білетін боламыз. Бірге ойын ойнаймыз!»<br>• Балалардың сабаққа дайындықтарын | | |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | танысамыз!»<br>• Балалардың көңіл-күйін сұрау (жесттермен көрсетуді ұсыну):<br>«Кім қуанышты? Қолыңды көтер!»<br>• Сабақтың мақсатын қарапайым түрде түсіндіру: «Бүгін біз азық-түліктің атын айтып үйренеміз және ойын ойнаймыз!»<br><br>2. Артикуляциялық жаттығулар (5 минут)<br><br>Мақсаты: Дыбыстарды анық айту үшін сөйлеу аппаратын жаттықтыру.<br>Мұғалімнің әрекеті:<br>1. Балаларға айна береді, жаттығуларды көрсету:<br>• «Алма жейміз» (еріндерді кезекпен ашу және жабу).<br>• «Сүт ішеміз» (еріндерді түтікше етіп жинау).<br>• «Нан жейміз» (тілмен астыңғы және үстіңгі тісті «жалау»).<br>2. Әр жаттығуды балалармен бірге қайталау.<br><br>3. Жаңа тақырыпты таныстыру (7 минут)<br><br>Мақсаты: Балаларды азық-түлік атауларымен таныстыру.<br>Мұғалімнің әрекеті:<br>1. Суреттер немесе макеттерді пайдаланып азық-түлікті көрсету:<br>• «Бұл алма. Қайталаңыздар: ал-ма.»<br>• «Бұл нан. Қайталаңыздар: нан.»<br>2. Әр азық-түліктің ерекшелігін түсіндіру (түсі, дәмі):<br>• «Алма қызыл немесе жасыл болады. Ол тәтті.»<br>• «Нан жұмсақ және хош иісті.»<br>3. Балалардан сөздерді қайталауды сұрау, дыбыстарды анық айтуға көмектесу. | тексеру:<br>«Қолымызды шапалақтайық, бәрі дайын ба?»<br>2. Артикуляциялық жаттығулар (5 минут)<br><br>Мақсаты: Сөйлеу аппаратының бұлшықеттерін жаттықтыру.<br>1. «Алма жейміз»: Балалар еріндерін ашып-жабады, алмадан ауызға бір тілім салғандай болады.<br>2. «Сүт ішеміз»: Тілді түтікше етіп жинайды және ішіне ауаны толтырады.<br>3. «Көкөністерді жуамыз»: Тілді астыңғы және үстіңгі ерінге тигізеді.<br>4. «Жемістерді иіскеу»: Терең дем алып, мұрын арқылы шығарады.<br>Айна арқылы қайталау: Балалар мұғалімнің көрсеткен жаттығуларын қайталайды.<br><br>3. Жаңа тақырыпты таныстыру (5 минут)<br><br>Мақсаты: Азық-түлік атауларымен таныстыру және оларды дұрыс айтуға үйрету.<br>1. Суреттермен жұмыс:<br>• Мұғалім азық-түлік суреттерін көрсетеді:<br>«Бұл не? Бұл – алма. Қайталаңдар: ал-ма.»<br>«Бұл – нан. Нан дәмді.»<br>• Балалар атауларды мұғалімнің артынан қайталайды.<br>2. Есту арқылы танысу:<br>• Мұғалім азық-түлік туралы жұмбақтар оқиды:<br>«Дөңгелек, қызыл алма,<br>Жейді оны бар бала. Бұл не?» |



Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | 4. Ойындар<br><br>1. «Кімнің қолында?» ойыны:<br><br>Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыту және есте сақтау қабілетін жетілдіру.<br>• Мұғалім бір балаға сурет немесе макет береді (мысалы, алма).<br>• Балаларға сұрақ қояды:<br>«Кімнің қолында алма бар?»<br>• Балалар суретті ұстаған баланы көрсетеді және азық-түліктің атын айтады.<br><br>**Қарапайым себеп салды байланыстарды белгілеу**<br><br>**(жаңбыр – қолшатыр);«Сыңарын тап» ойыны**<br>**Есту және көру зейінін дамыту;**<br>**1-тапсырма.«Кім не алды?» ойыны. Сызықтармен жүру арқылы дүкеннен кім не алғанын тап.**<br>**2-тапсырма. «Не жоқ?» ойыны**<br>  | • Балалар жауап береді.<br><br>4. Тақырыптық ойындар (7-10 минут)<br><br>1. «Дүкен» ойыны:<br><br>Мақсаты: Балалардың азық-түліктерді тану және атау қабілетін дамыту.<br>• Мұғалім: «Біз дүкенге барамыз. Маған алма сатып алшы.»<br>• Балалар азық-түлік макеттерін себетке жинайды және атауларын айтады.<br><br>2. «Артық затты тап»:<br><br>Мақсаты: Зейінді және логикалық ойлауды дамыту.<br>• Мұғалім 3 сурет қояды (мысалы, алма, нан, ойыншық көлік).<br>• Балалар артық затты табады: «Бұл – көлік. Ол азық-түлік емес.»<br><br>3. «Қайда жатады?» ойыны:<br><br>Мақсаты: Сөздерді топтастыруға үйрету.<br>• Мұғалім: «Алма қайда жатады? Жемістерге ме, көкөністерге ме?»<br>• Балалар сәйкес себетке салады.<br><br>5. Сабақты бекіту (3-5 минут)<br><br>Тапсырма:<br>• Мұғалім балаларға сұрақтар қояды: |

| | | |
|---|---|---|
| | Мақсаты: көріп есте сақтауын, көру зейінін дамыту.<br>Сипаттамасы: Үстел үстінде балаға таныс суреттер жайылып жатады. Олардың саны екіден бастап, бірнешеге дейін ойын барысында біртіндеп көбейеді. Суреттердің атауын бала айтады.<br>Кейін бала көзін жұмғанын немесе теріс қарап тұруын сұраймыз. Сол кезде логопед бір суретті жасырып қояды. Көзін ашып, бала қай суреттің жоқ екенін айтуы керек. Ойынның күрделенген нұсқасында логопед бір емес екі немесе одан да көп суретті тығып қояды. Баланың әр бір жауабын міндетті түрде мадақтап отырған дұрыс. Ойынға бірнеше бала қатысқан жағдайда әр баланың дұрыс жауабы үшін текше беру керек.<br>**VII Есте сақтауын дамыту, дамыту.**<br><br>Балалар шеңбер бойына отырады. Жүргізуші балалардың біреуіне допты лақтырып, сөйлемнің басын айтады. Допты тосып алған бала сөйлемді қайталап аяқтайды, ал допты жүргізушіге қарай кері лақтырады. Егер бала екі рет сөйлемді аяқтай алмаса, ойыннан шығады. Сөздердің нұсқауы:<br>Лимон ащы, ал қант ...<br>Шөп жасыл, ал аспан ...<br>Ағашты аралайды, ал шегені ...<br>Құстар ұяда тұрады, ал адамдар ... | «Бұл не? Алма қандай? Ол тәтті ме?»<br>• Балалар жауап беріп, сөздерді қайталайды.<br>• Қимыл арқылы бекіту: Балалар қолдарымен алма жеуді, сүт ішуді көрсетеді.<br><br>VIII. Дауыспен жұмыс. «етік, бәтіңке, красовкий, тәпішке» дыбысын баяу, жай, қатты, өте қатты айт.<br><br>«А, О, У, И» дыбысын созып айт.<br> |



Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Құс ұшады, ал жылан ...<br>Кеме жүзеді, ал машина ...<br>Шиені жейді, ал шәйді ...<br>Әнші өлең айтады, ал құрылысшы ...<br>Түнде қараңғы, ал күндіз ...<br><br>2. «Себетке сал» ойыны:<br><br>Мақсаты: Балалардың дұрыс айту және логикалық ойлау қабілетін дамыту.<br>• Мұғалім себет қояды және былай дейді:<br>«Себетке нан саламыз. Нанды кім табады?»<br>• Балалар қажетті макетті тауып, себетке салады.<br><br>5. Сабақты бекіту (3 минут)<br><br>Тапсырма:<br>• Балаларға карточкалар таратылады. Мұғалім сөзді айтады, ал балалар тиісті суретті көрсетеді.<br>«Нан қайда? Алма қайда?»<br>• Мұғалім балаларды мадақтайды:<br>«Жарайсың, бұл алма!» | |
| **Сабақтың соңы** | - жарайсыңдар балалар!<br>- бүгінгі сабақ ұнады ма? | жарайсыңдар балалар!<br>- бүгінгі сабақ ұнады ма? |

Әдіскер__________ Каримова С.С.



Scanned with CamScanner